

Балаларға қосымша білім беру бағыты бойынша «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» атты Республикалық форумының өткізілу ережелері

1. Жалпы ережесі

1. Негізгі ереже балаларға қосымша білім беру бағыты бойынша **"Мамандықтар әлеміне жол ашамыз"** Республикалық форумның мақсаты мен міндеттерін және өткізілу реті мен қаржыландыруын айқындайды.

2. **Форум бағыты** өскелең ұрпақтың белсенді өмірге деген көзқарасының басымдылығын дамыту, жас азаматтарды кәсіби айқындау және өзін-өзі рухани жетілдіру мен өз бетінше шешім қабылдай білуге тәрбиелеу болып табылады.

3. **Форумның негізгі мақсаты** алдағы уақытта Қазақстан экономикасы мен еңбек нарығында қажет және талап етілетін кәсіпті таңдаудағы оқушылардың шығармашылық ізденісін арттыру және қоғамдық маңызы бар кәсіптік бағдар беру қызметіне педагогтар мен оқушыларды тарту.

4. Міндеттері:

1) балалардың белсенді, жағымды кәсіптік және өмірлік көзқарасын қалыптастыру;

2) оқушылардың өмір жолында ізденушілік іскерлігін жобалау кезеңіндегі ынталарын арттыру;

3) жоғары сынып оқушыларының қоғамға керекті қызметтерді таңдау кезінде профессионалдық тұрғыда өзін танып білуге көмек көрсету;

4) кәсіптік білім алу барысында жарқын тұлғалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға демеу көрсету;

5) жасөспірімнің болашақ мамандық таңдау кезінде қоғам, жанұя, мектеп, шығармашылық топтар арасындағы өзара инновациялық формаларды дамыту;

6) жоғары оқу орындарына дейінгі әр түрлі оқу орындарымен тәжірибе алмасып және творчестволық байланыс орнату.

5. "Мамандықтар әлеміне жол ашамыз" Республикалық форумы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен қосымша білім беру жүйесінің "Республикалық оқу-әдістемелік орталығы" өзара бекітілуімен өткізіледі.

2. Өткізілу уақыты мен орны

6. Республикалық форум 2014 жылдың 4-5 қарашада Астана қаласында өткізіледі. Келу мерзімі 3 қараша және кету мерзімі 7 қараша.

7. Өтінім мен қатысушылар тізімін қазанның 15 дейін Астана, Алматы қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы мен төмендегі

мекенжайға жіберіледі: 010000 Астана қаласы, Жәніс даңғылы 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, байланыс тел. 8-7172-44-53-41, факс: 8-7172-44-53-42, электронды мекенжай: nt_ekotur@mail.ru

Өтінім формасы: байқау номинациясы, жұмыс атауы, қатысушының аты-жөні, білім беру ұйымы, сынып, жұмыстың жетекшісі, байланыс телефоны (қосымша 1).

3. Қатысушылар

8. Форумға бірнеше бағыттағы барлық қосымша білім беру мекемелеріндегі 7-11 сыныптар аралығындағы оқушылар қатыса алады.

9. Астана, Алматы қалалары, облыс делегацияларының құрамы он адамнан аспауы тиіс: екі жетекші және сегіз оқушы.

10. Делегацияның жетекшісі қатысушылардың

4. Өткізілу реті мен шарты

11. Республикалық форум екі деңгейде өткізіледі:

* бірінші кезең (таңдау) - облыстық, Астана және Алматы қалалары. Аймақтық іс шаралардың нәтижесі бойынша (көрме, байқаулар, конференциялар және т.б.) екінші деңгейге таңдау жүргізіледі.

* екінші кезең (қорытынды)- республикалық.

12. Форумның бірінші деңгейінің өткізілу мерзімі облыстардың, Астана, Алматы қалаларының білім басқармаларының бұйрығымен анықталады.

13. Екінші (қорытынды) кезең - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің айқындауымен өткізілу мерзімі бекітіледі.

14. Форумға келген делегация жетекшісі ұйымдастырушы комитетке келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

* Форумға қатысу туралы облыстық білім басқармасының бұйрығы;

* Қатысушы туралы мәлімет (аты-жөні, туған жылы,сынып, оқу орны және білім беру мекемесінің мекенжайы, үй мекенжайы, телефон, номинация,жұмыстың атауы, делегация жетекшісінің аты-жөні, жұмыс орны, қызметі, байланыс номері);

* медициналық анықтама (әрбір қатысушының)

* туу куәлігі немесе паспорт;

* делегация жетекшісінің іссапарға шығу куәлігі;

15. Әрбір облыстың делегациясы міндетті түрде бірдей формада және эмблема болуы тиіс.

5. Жұмыстың мазмұны мен орындалу техникасы

16. Форумға қатысушылардың келесі бөлімдер бойынша жеке және ұжымдық жұмыстары ұсынылады:

- 1) "Болашақ мамандыққа қадам" республикалық көрме
- 2) "Мамандықты таңдау уақыты" республикалық жоба байқауы.

17. Келген күні әр делегация мүшелері Болашақтағы мамандығыма бір қадам атты көрмені орналастырады. Көрме оқушылардың профессионалды өзін-өзі танып білудегі қосымша білім беру орындарының жұмыс бағыттарын ашады. (самоклеющийся баннер, баннердің бйіктігі 2 метр, ені 1 метр, баннердің түсі көгілдір- көктас).

18. Форум шегінде мынадай номинациялар бойынша байқаулар жүргізіледі:

1) **"Осындай мамандық бар"** - Қазақстан экономика мен еңбек нарығында талап етілетін және қажетті мамандықтар туралы балалардың компьютерлік презентациялар байқауы.

2) **"Мамандықты таңдау уақыты"** - жобалардың байқауы (бейнероликтер);

3) **"Мен мамандықтар әлемінде"** - әдеби байқау (шығарма эссе, тақпақ);

4) «ЭКСПО-2017 балардың көзімен» атты тақырып аясындағы КВН «Кешегі, бүгінгі, болашақтағы мамандық».

19. Қатысушыларға кәсіптік өзін-өзі айқындауға сәйкесінше кез келген мамандық туралы презентация жасауға ұсынылады.

Жұмыста ұсынылуы тиіс: мамандықтағы еңбек шарты мен мазмұны туралы, білім беру мекемесінде мамандықты меңгеру ерекшелігі туралы, еңбек нарығындағы мамандықтың қаншалықты қажеттілігі мен осы мамандық бойынша мамандар қажет ететілетін мекеме мен ұйымдар туралы ақпарат.

20. Жұмысқа қойылатын талаптар:

* ұсынылған жұмыстардың кәсіптік-бағдарлық құрылымы болуы тиіс;

* байқау жұмыстары рецензияланбайды және кері қайтырылмайды.

1) Компьютерлік презентация **"Осындай мамандық бар"** Power Point (97-2003). Презентация слайтарының әрекеті мен ауысымы жылдам болуы тиіс. Презентация кез келген компьютерде қосылуы тиіс. Слайдтар саны 10 кем болмауы тиіс.

Компьютерлік презентацияларға қойылатын техникалық талаптар:

файлдың көлемі 8МБ кем болмауы тиіс

форматы PowerPoint 97-2003

Презентацияға шағын көлемдегі роликтар мен фотосуреттер және дыбыстарды интернет ресурстарына сілтеме жасай отырып қолдануға болады.

Презентация ортақ стильді ұстануы қажет (түсі, шрифті - өлшемі, түзулігі).

2) **«Мамандықты таңдау уақыты»** - тақырыбындағы номинация

бойынша (бейнероликтер): бұл номинацияда ұсынылған жоба туралы А4 1 парақтан кем емес түсініктеме хат қарастырылады; бейнеролик - 3 мин. Аспауы тиіс.

3) **"Мамандықтар әлемінде"** тақырыбындағы әдеби туындылар (шығарма эссе, өлеңдер): болашақ мамандықғы туралы мағлұмат беру және оның қажеттілігі мен елімізге деген пайдасын ашып көрсету керек; максималды көлемі - 3 парақ, жазу уақыты 1 сағат 30 минуттан аспауы тиіс.

4) «ЭКСПО-2017 балардың көзімен» атты тақырып аясындағы КВН «Кешегі, бүгінгі, болашақтағы мамандық» байқауының номинациялары:

1. «Визитка- түйіндеме» байқауы;
2. «Сергіту сәті» байқауы;
3. «Үй тапсырмасы».

21. Байқауға ұсынылған жұмыстарды қазылар алқасы мына критерийлер бойынша бағалайды:

- берілген тақырыпқа сәйкес;
- мамандық таңдаудағы дәлелдеме;
- материал дайындау барысындағы шығармашылық пен түпнұсқалылығы;
- тақырыппен жұмыс жасау тереңділігі;
- мамандық алу кезеңі,
- техникалық талаптарға сай болуы;

22. Жоғарғыда аталған шығармашылық жобалар мен номинация бойынша жұмыстарды барлық делегацияның орындауы міндетті.

23. Форумның қорытынды деңгейінде әрбір номинация бойынша шығармашылық жұмыстар төмендегі талаптар негізінде қабылданады:

- көрсетілген номинациялар бойынша облыстық (қалалық) таңдау байқауында өткен жұмыстар;
- басқа авторлар жұмысының көшірмесі немесе плагиат болмауы тиіс.

24. Кез келген байқаулардың ішіндегі жұмысты таңдаудың басты критерийі- жоғарыдағы номинацияларға сай келуі. Берілген тақырыптар мен талаптарға сай келмейтін жұмыстар қабылданбайды. Форумға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды.

25. Форумды ұйымдастырушылардың байқауға жіберілген жұмыстарды интернет және баспасөз шығарылымдарында, қатысушының авторлық құқығына сүйене отырып көрме өткізуіне құқығы бар.

6. Қатысушыларды марапаттау

26. Форумның әрбір номинациясында жүлделі орындар анықталады.

27. Байқауларда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар диплом және естелік жүлделермен марапатталады.

28. Форум номинацияларына жеңімпаздарды дайындаған педагогтер арнайы мадақтамамен марапатталады (дипломмен).

7. Қаржыландыру

29. Республикалық форумның облыстық кезеңін білім басқармалары қаржыландырады.

30. Форумның соңғы кезеңінде облыстық, Астана, Алматы қалалары делегацияларының шығындарын (жол жүру төлемақысы, жетекшілер мен қатысушылардың жолда тамақтануы) жіберіп отырған мекемелер қаражатынан төленеді.

31. Республикалық форумды ұйымдастыру және өткізу, қатысушылардың жататын орны және тамақпен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қаржысының есебінен жүзеге асырылады.

Қосымша 1

Балаларға қосымша білім беру бағыты бойынша "Мамандықтар әлеміне жол ашамыз" республикалық форумына қатысу өтінімі

облыс атауы

<i>Номинация</i>	<i>Жұмыстың атауы</i>	<i>Орындаушының аты-жөні</i>	<i>Жасы Сыныбы</i>	<i>Білім беру мекемесі Жоба жетекшісі</i>

Делегация жетекшісінің аты-жөні, жұмыс орны, қызметі, мобильді телефоны

Білім басқармасының бастығы _____